

ҚУАНЫШТЫ ЕҢБЕК



*К.Байсейітова
Татьянаның рөлінде*

Татьяна бейнесін жасауым: ол – қуанышты еңбек. Өйткені, ол – менің ұлы орыс елінің алтын қазынасына енудегі бірінші еңбегім. Мен кемеңгер Пушкин мен Чайковскийдің ұлы мұрасын, ұлы кейіпкерін өз тілімде, өз үніммен, өз елімнің алдында шырқауды мақтаныш етемін. Біздің ойынымыз Отанымыздың ұлы жеңісінен кейін, жалпы халықтың ұлы мерекесі – СССР Одағы Жоғарғы Советінің сайлауы күніне арналды.

Татьяна бейнесі операда екі белді кезеңге бөлінеді деп түсінемін. Бірінші кезең: ол – орыс қызы. Онда үлкен ұстамдылық, сырын сыртқа шашпау, ел көзінде сүйкімді, тұйық, ішкі сезімі терең, жүрегі таза, ақылды ойшыл қыз. Ол жасынан күтуші әйелдің қолында тәрбиеленіп өскен. Орыс елінің ертегісі, ескі өмірі, ән-күйі таза жүрегі жасынан көкейіне конған. Сол Татьяна ержеткен уақытында батыс елінің романшылары – Ричардсон, Руссолардың шығармаларын өзінің таза, шын сенімді жүрегі арқылы өмір шындығы деп түсінген. Сондықтан да, ол Онегинге бірінші рет хат жазғанда өз жүрегінің нәзік сезімін түгел ашады. Онегин хатына теріс жауап берген соң, беті қайтып, шындықтың қайда екенін іздейді. Міне, осыдан барып Татьяна екінші кезең дәуірі туындайды. Оның бұл дәуірі жастық, алданғыш дәуір емес – дүниені шын мағынасында түсінген терең ойдың иесі болған дәуірі еді.

Сондықтан да ол Онегинмен соңғы кездескенде: «Ол кезде мен жас едім, шын жүректен сүйіп ем, бұл күнде мен ерге шықтым, ел аузында үлгілі әйел атанғым келеді!», – дейді. Бұл – адамшылықтың ептілігіне қол созғандық белгісі болып табылады.

Әрине, мен Татьянаның толық бейнесін және оны қалай жасағандығымды екі ауыз сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Шынына келгенде, маған айтудан гөрі сахнада көрсету анағұрлым жеңіл. Бұл айтып жатқаным тек Татьяна бейнесін қалай түсінуге болар еді деген сұрауға қысқаша жауап.

Мен Татьяна рөлін ойнаушыларды үлкен-кішілі талай сахналарда көрдім. Бірақ, солардың қай-қайсысының болсын көшірмесі болғым келмеді.

Күләш Байсейітова / құраст. А. Омарова. – Алматы : Өнер, 2012. – 29-30 б. – (Меретойлық әдебиет).